

7. Kono, Y. & Simotomai, N. (2015). Japan-Soviet Relations in the Cold War Period (1955—1970) and the Territorial Issue in the Triangle the USSR — The USA — Japan. In: Russo-Japanese Relations in the Format of Parallel History. Moscow: MGIMO-University Pb., p. 591—620.
8. Togo, K. (2005). Japan's Foreign Policy, 1945—2003. The Quest for a Proactive Policy. Leiden, Boston: Brill.
9. Murthy, P.A.N. (1970). Reversion of Okinawa and Japan's Future Defence Posture. China Report, 6 (1), 17—22.
10. Mitchell J. (2015). Battle scars: Okinawa and the Vietnam War. URL: <http://www.japantimes.co.jp/news/2015/03/07/national/history/forgotten-history-okinawa-vietnam-war/#.WNI2fvmLSU1>
11. Ito, G. (2003). Alliance in anxiety: détente and the Sino-American-Japanese triangle. New York: Routledge.

ӘОЖ 32

ҚЫТАЙ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ҚХР-АҚШ САУДА СОҒЫСЫ

Нарекеш Арнұр Әбутәліпұлы

narekesha@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану кафедрасының 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Азмұханова А.М.

Кіріспе. АҚШ президенті Дональд Трамптың Қытай туралы саяси мәлімдемелері 1972 ж. екі елдің дипломатиялық қатынастар орнағаннан бергі арадағы өршіл түзетімнің бастауы болып айқындалады. Соңғы 40 жыл ішінде Қытай мен АҚШ қарым-қатынастарының негізі болған экономикалық өзара әрекеттестік саясаты шарықтау шегіне жетті. Д.Трамп Қытайдың әділ және өзара тиімді экономикалық қатынастарды орнатуын талап етіп, сауда соғысын бастады. Әлемдік сауданың ең үлкен көлемін иеленуді мақсат тұтқан ірі мемлекеттер себепші болғандықтан, бүгінгі сауда соғысы - халықаралық экономикалық қатынастар тарихының ең ауқымдысы.

Пікірталастарды талдау тек ресми ғылыми әдебиетке ғана емес, ғылыми мәлімдемелерге, БАҚ хабарына және сұхбаттарға негізделгенін айта кеткен жөн, себебі: 1) ғылыми әдебиет сауда соғысының шапшаң өзгеріп отыратын үдерісіне көзқарастарды толыққанды жеткізе алмайды; 2) беделді тұлғалар өз пікірлерін ғылыми әдебиетте сирек білдіреді; 3) Қытайда саяси талдаулардың басылымдары өте тапшы, сондықтан тек олардың материалдарын зерттеу арқылы сауда соғысы туралы көзқарастардың толық түсінігіне қол жеткізу біршама қиын.

Сауда соғысына дейінгі Қытай қоғамының экономикалық мәселелерге қатысты пікірлері мен көзқарастары. Д.Трамптың сайлау кезінде айтылған сөздеріне шолу жасау арқылы бірқатар Қытай ғалымдары Трамптың президенттік қызметке кіріскеннен соң туындауы мүмкін экономикалық мәселелер туралы болжамдар жасай алды. 2017 ж. Қытай қоғамында «Сауда соғысы болуы мүмкін бе?» деген пікірталас шықты, бірақ сол кездегі екі елдің тату қарым-қатынастары АҚШ-тың қалыпты бағытынан теріс бұрылуына күмән тудырмады.

2016 ж. желтоқсанында Қытай халық университетінің профессоры Ян Цицин «Трамптың сайлануы Қытайға үлкен мәселелер туғызады» мақаласын жариялады. Ол Д.Трамптың жеңісі Қытайдың өндіріс секторына ірі мәселелерді алып келетінін жазады, себебі Д.Трамп ерекше стратегияға, тактикалық дағдыларға және жауынгерлік мәнердегі ішкі рухына сүйену арқылы әдеттен тыс әдістермен әрекеттер жасауға қауқарлы. Ян Цицин

оның осы тұлғалық қасиеттері Қытайға теңдессіз сын-тегеурін болу мүмкіндігін, «Қытайға қарсы бірнеше сауда-протекционисттік шараларды қабылдайтынын» болжады [1].

Екі елдің экономикалық өзара тәуелділік пен тиімділікке ұмтылыстың әсерінен АҚШ-тың сауда соғысын бастамайтыны сөзсіз болып көрінді. Қытай АҚШ-қа бизнес үшін ірі мүмкіндіктер ұсынатындықтан, экономикалық және сауда қатынастары ынталандырушы күш болуы тиіс еді. Халықаралық саяси экономиканың беделді ғалымдары Чжан Ю Янь және Сун Гоюй Д.Трампы тоқтатар факторларды атап өтіп, ішкі мүдделердің, халықаралық институттардың және шетелдегі одақтастарының жан-жақты қарсылығына ұшырайтынын, «әлемдік жалғыз» соғысатынын жазды [2]. Си Цзиньпин және Д. Трамптың 2017 ж. кездесуіндегі оң нәтижелер арқасында, Қытайда позитивті көзқарастар басым болды. Сондықтан екі елдің көптеген сауда дауларына қарамастан, толыққанды сауда соғысының басталуы екіталай болып көрінді.

Сауда соғысы басталуының себептері. 2017 ж. 30 қарашада АҚШ үкіметі Қытайдың Дүниежүзілік сауда ұйымына ұсынған құжаттарында «нарықтық экономиканың толық мәртебесіне өту» өтінімін ресми түрде қабылдамай қойды. Ал 2018 ж. ақпанында Қытайды «стратегиялық қарсылас» ретінде анықтаған АҚШ Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы және АҚШ Ұлттық қорғаныс стратегиясыны жарияланған кезде Қытай басшылары мен саяси сарапшыларының көзқарастары өзгере бастады [3; 45-46-б.].

1974 ж. сауда туралы заңның №301 бөліміне сәйкес технологияларды, зияткерлік меншікті және инновацияны өзге тараптарға табыстамау қағидасының бұзылуына байланысты Қытайдың іс-әрекеттері мен саясатына тергеу жүргізіліп, оның нәтижелерінің баяндамасы 2018 ж. наурыз айында жарияланды. Баяндама жарық көрісімен, Д.Трамп Қытайдың экспорттық тауарларына қосымша тарифтерді енгізу жөніндегі жоспардың кестесін дереу құрды [4]. Қытай мен АҚШ арасында қауіпсіздік саласындағы қатынастардың нашарлауымен қатар, сауда соғысы қауіпмен бетпе-бет келгенде, Қытай саяси сарапшылары енді айқын «дауыл» келе жатқанын түсіне бастады.

2010 жылдың өзінде халықаралық қатынастардың танымал ғалымы Янь Сюэтуң Қытай-АҚШ қарым-қатынасы тек «үстірт достық» сипатында екенін мәлімдеді. Ол «Қытай жалпы ұлттық күш-қуатында АҚШ-пен салыстырғандағы алшақтықты тез қысқартқан жағдайда, екі ел арасындағы құрылымдық қақтығыстар өзекті бола түседі» деген пікірді ұстанды [5]. Фудань университеті АҚШ зерттеу орталығының ғылыми қызметкері Цай Цуйхун Қытай-АҚШ қатынастары «Фукидид қақпанына» құлағанын, геосаяси және экономикалық шиеленістерден басқа, идеологиялық қақтығыс та барын атап өтті [6; 13-30-б.].

Сауда соғысының күшеюі ғалымдарды түпкі себептер АҚШ-тың әлемдік саясаттағы «биліктің ауысуы» туралы терең стратегиялық күдіктерінде жатқанын көрсетуге мәжбүр етті [14; 65-82-б.]. 2018 ж. ZTE компаниясына қатысты оқиға орын алғанда, АҚШ Сауда министрлігі Қытайдың алып компаниясына құрамдас өнімдерді сатып алу-сатуға тиым салды. Мамыр айында АҚШ «Қытайда жасалған-2025» бастамасын тоқтатуды талап етті. Аталған жағдайлар Қытай ғалымдарын экономикада «Фукидид қақпаны» барын көрсетіп, оны АҚШ үкіметінің жоғары технологиялық саласында Қытайдың дамуына кедергі жасау ниеті ретінде сипаттайды.

Алайда ғалымдардың көпшілігі бұны тек экономикалық қақтығыс деп санамайды. Цинхуа университетінің профессоры Цзю Цзяньдун АҚШ-тың Қытайға қарсы сауда соғысын жүргізуінде ұзақ мерзімді және стратегиялық мақсаттар барын атап өтті. Соңғысы - АҚШ-тың жаһандық технологиялық басымдылығын сақтау. Бұл - АҚШ-тың әлемдік экономикадағы өз көшбасшылығы мен үстемдігін сақтай отырып, Қытайдың жоғары технологиялық секторының жылдам дамуын бәсеңдету, түбегейлі тоқтату ойы [7]. Сауда соғысы – Д. Трамптың ашық риторикасында бейнеленген Қытай-АҚШ арасындағы сауда тапшылығына бағытталған қақтығыс қана емес, екі державаның әлемдік аренадағы билік пен басымдылық үшін жаппай жарысы. Құрылымдық қақтығыс сауда соғысы және стратегиялық бәсекелестік мерзімнен ерте басталу себептерін түсіндіре алмайды. Қытайдың ЖІӨ АҚШ-

тың ЖІӨ-нің 70%-нан кем құрайды, сондай-ақ халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ және экономикалық дамуда үлкен алшақтық сақталып келеді. Бұдан бөлек, «Фукидид қақпанынан» әрқашан арылып шығуға болады.

АҚШ Қытайдың нарықтық экономикасын мойындамай, оны «мемлекеттік капитализм» деп атайды. Қытайдың пікірінше, кез келген ел өзінің даму үлгісін таңдауға құқылы. Мемлекеттік кеңестің дамуын зерттеу орталығының директоры Лонг Гоцян экономикалық қақтығыстардың басты себептерінің бірі мемлекеттік және нарықтық даму үлгілері арасындағы айырмашылық екенін айтады. Экономикалық қатынастар жөніндегі сарапшы Ван Цыхун АҚШ үкіметі мойындаған Қытайдың «нарықтық емес» экономикасы - даулардың негізгі себебі дейді [8].

Қытай экономистері ішінде Тянь Гоцян «сауда соғысы арқылы Трамп нөлдік тарифтерге, субсидияларға, зияткерлік меншікті ұрлауды тоқтатуға, сондай-ақ АҚШ азаматтары Қытайда тәуелсіз компаниялар құруға ұмтылады» деп түсініктеме берді. Тянь екі державаның арасындағы стратегиялық бәсекелестік міндетті түрде қастастыққа толы болмай, «пайдалы да болуы мүмкін» деп ойлайды. Сауда соғысын шешу және АҚШ коммерциялық топтарының қолдауын қайтару үшін Қытай ішкі экономикалық реформаларды жылдамдатуға және халықаралық нарыққа кірігу мақсатында өз есіктерін кеңінен ашуға міндетті [10].

Қытай АҚШ-тың өз ішіндегі шиеленістерінің нысанасына айналып отыр. Олардың ішіндегі ең негізгісі - жұмысшылар жұмыссыздығының жоғары деңгейі. Бейжің университетінің саясаттанушысы Ван Юнның пікірінше, сауда соғысы - АҚШ-тағы бұрыннан бар, ішкі қайшылықтардың көрінісі [11]. АҚШ өзінің экономикалық трансформациясын аяқтағаннан кейін сауда соғысы да аяқталады. Мысал ретінде Жапония мен АҚШ сауда дауларын айтуға болады.

Қытай қоғамының сауда соғысын талқылауы. 2018 ж. АҚШ \$34 млрд және \$16 млрд Қытай тауарларына тарифтер, \$200 млрд тауарларға қосымша 10% тариф енгізді. Трамп әкімшілігі Қытай-АҚШ арасында технологиялық соғысты бастап, ZTE және Huawei компанияларына көз салды. «Тарифтік» және технологиялық соғыстар сауда соғысының негізін құрайды. Қытай қоғамдық ғылымдар академиясының мүшесі Юй Юньдин АҚШ-тың Қытайға қатысты саясатына 3 сипаттама береді: жоғары технологияларды шектеу, экономикалық қатынастарда өзара теңдікке ұмтылу және Қытай кәсіпорындарына санкциялар енгізу [12].

Қытай халық университеті профессоры Цзинь Цаньрон сауда соғысына батыл жауап қайтару қажеттілігі туралы өз пікірін білдіреді. «Қытай АҚШ-тан еш қорықпайды, себебі оның үш басымдықтары бар: сирек жер металдары, АҚШ қазынашылық облигациялары және Қытай нарығындағы америкалық компаниялар». Янь Сюэтун «Қытайды сауда соғысындағы әлсіз тарап екенін көрсету дұрыс» деп санайды, себебі бұл Қытайға жауап шаралары үшін халықаралық қауымдастықтың қолдауына иеленуге көмектеседі.

Қытай қоғамы 2 топқа бөлінді: қатаң бағытты жақтаушылар жауап шараларын қабылдауды жақтаса, олардан ұстамдырақ топ сауда соғысының одан әрі ушығуын болдырмау үшін «тым артық әрекет жасамауды» қажет деп санайды. 2018 ж. тамыз айында Қытайдың АҚШ-қа қарсы жауап шараларын енгізуі нәтижесінде, қатаң бағытты жақтаушылар жеңіске жетті. Дегенмен, 2018-ші жыл бойына Қытайдың ресми тұлғалары «сауда соғысы» терминінің орнына «экономикалық және сауда қайшылықтары» жеңіл сөз орамын пайдаланғанын айта кету керек.

Көптеген қытайлық экономистер нарықтық экономиканың тереңдетілген реформасы мен оның ашықтығын қолдады. Олардың ішінде Цзя Кан бірнеше негізгі тұжырымдамаларды ұсынды: 1) ҚХР мен АҚШ арасындағы идеологиялық айырмашылықты барынша азайту; 2) әлемдік аренадан тыс орналасу; 3) ішкі нарыққа бағдарланған ауқымды реформалар жүргізуге жәрдемдесу үшін ашықтықты сақтау. ҚХР үкіметінің басым мәселелерінің бірі - тұтыну сұранысын ынталандыру және ішкі сұраныстың артуы бағытындағы экономиканы дамыту. АҚШ-тың Қытайды оқшаулау талпынысымен бетпе-бет келгенде, Қытай барлық елдермен тығыз байланыс орната отырып, қарсылық танытуы тиіс.

Осы мақсатта Қытай шетелдік инвестициялар үшін тосқауылдарды жойып, ішкі іскерлік ортаны жақсартуға зейін қою керек.

Сауда соғысының салдары және болжамды болашағы. Сауда соғысының соңы ең алғаш АҚШ-та талқыға түсті. 2018 ж. АҚШ-тың сарапшылары ҚХР мен АҚШ арасында «экономикалық ажырау» идеясын ұсынды. Қытай ғалымдары бұл ұсынысты шындап қабылдаған жоқ, себебі олар мұндай идея екіжақты қатынастар үшін жойқын зардаптарға алып келетініне сенді. Дегенмен, 2019 ж. сәтсіз сауда келіссөздеріне байланысты ғалымдар Қытай мен АҚШ арасында экономикалық ажырау мүмкіндігін мойындай бастады. Сауданың ара-жігін ажырату кезінде арадағы импорт-экспорт көлемін қысқарту және нарыққа тәуелділікті төмендету үдерістері жүреді. ҚХР мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 2019 ж. 14,6%-ға төмендеп, \$541,22 млрд құрады [13]. Екі жақты экспорт көлемінің күрт төмендеуі Қытай-АҚШ саудасының тоқтау мүмкіндігін білдіреді. Қытайдың саяси-заң университетінің профессоры Кун Цинцзян АҚШ-тың Дүниежүзілік сауда ұйымынан шығуы Қытайдың саудасын оқшаулауды білдіреді деп есептейді. Бұл әлемдік сауда жүйесін екі топқа бөлуді айғақ етеді: 1) АҚШ және олардың еркін сауда бойынша серіктестері; 2) ҚХР және еркін сауда бойынша АҚШ әріптестігіне қатысуға тілек білдірмейтін басқа елдер немесе АҚШ тобына мүшелікке қабылданбаған елдер. Екі жақты технологиялық ара-жікті ажырату кезінде технологиялық ынтымақтастық қысқарып, технологиялардың сауда көлемі төмендейді. Қытай ғалымдары мұндай ажырау әлдеқашан орнаған дейді. Бұл өнеркәсіптегі кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықтың қысқаруын білдіріп, екі тарап технологиялардың басқа жабдықтау жолдарын бір-бірінен тәуелсіз табуға тырысады. Егер сауда соғысы жалғасса, оның ең зиянды салдары жаһандық өнеркәсіптің ыдырауына әкеліп, бірнеше бәсекелес нарық пайда болады.

Көптеген ғалымдар Қытай мен АҚШ-тың экономикалық ара-жігін ажыратудан құтылу мүмкінсіз екеніне келіседі. АҚШ экономикасына тәуелділікті төмендету, тәуелсіз инновациялар үшін мүмкіндіктерді кеңейту және ішкі сұранысты ұлғайту секілді шаралар қарастырылады. Қытай халқы шамамен 1,4 млрд адамды құрайды, оның орта табы үнемі өсіп келеді. Ішкі нарықтың әлеуетін толық игеру Қытайға экспортқа бағдарланған экономикадан ішкі сұранысқа бағдарланған экономикаға көшуге демеу береді. Қытай Еуропалық Одақ және Жапониямен, «Бір белдеу - бір жол» елдерімен экономикалық ынтымақтастықты нығайту арқылы АҚШ-пен арадағы сауда көлемінің төмендеуі салдарын өтей алады.

«Экономикалық ажырауға» қарсы шыққан ғалымдар Huawei компаниясының АҚШ үкіметіне қарсы күрестегі артықшылықтары жабдықтаушы ретінде оның технологиялық басымдықтарында емес, сатып алу қабілетіне негізделген келіссөз жүргізу күшінде жатыр деп мәлімдейді. Тәуелсіз инновациялардың қабілеттілігіне қарағанда, нарықта үстемдік ету қабілеті бәсекелестікте маңыздырақ рөл атқарады. Саудаға ара-жік қою Қытайдың ұзақ мерзімді экономикалық өсіміне қауіп төндіретін өнеркәсіптік трансферттерге алып келеді. АҚШ әлемдегі ірі импорттық нарық болып қала бермек. Егер Қытайдың АҚШ экспортына шек қойылатын болса, экспорттық бағыты АҚШ-қа тәуелді өнеркәсіп салалары Қытай экономикасынан біржолата кетеді. Қытайдан өндірістік қуаттарды шығару үшін бір немесе екі жыл қажет болуы мүмкін, сондықтан Қытай бұл уақытты алдын-ала дайындық үшін толық көлемде пайдалануы керек. Қытай экспорт-импорт банкінің экс-президенті Ли Руогу «Қытай әлі АҚШ-пен бәсекеге түсетін жаңа нарықты құруға қабілетті емес» дейді. Егер Қытай экономикасы АҚШ-тан оқшауланса, «өзге мемлекеттер соңғы 40 жылдағы реформалар мен ашықтық саясатындағы жетістіктерінен асып, Қытайдың орнына келуі мүмкін [14] ». Бейжің университетінің профессоры Ван Цзиси АҚШ шараларына жауап ретінде Қытайға «ажырауға қарсы», яғни «өзара байланыстарды тоқтатпау» стратегиясын іске асыру қажет деп санайды. Қытай америкалық кәсіпорындарды қоса алғанда бүкіл әлем елдерімен көпжақты сауда және технологиялық ынтымақтастығын кеңейтуі тиіс [15].

Халықаралық қатынастарды зерттеушілердің пікірінше, Қытай экономикалық ажырауды жылдамдататын әрекеттерді жасамауы тиіс. Егер олардың арасында экономикалық ынтымақтастық кемісе, саяси қатынастар да нашарлауы мүмкін. 1)

Экономикалық ажырауды барлық мүмкін әдістермен болдыртпауға тырысуы керек. Егер Қытай АҚШ-пен бірлесе, келіссөздер арқылы келісімдерге қол жеткізсе, екі елдің бір-бірінен оқшаулануын шектей алады. 2) Қытай өз экспортын және инвестицияларын әртараптандыруды жылдамдатып, тәуелсіз инновациялық әлеуетін дамытуды қолдау, өндіріс және технология салаларында өзге елдермен қатынастардан тәуелділікті барынша азайту арқылы «ажырау» үдерісіне дайындалу тиіс.

Қорытынды. Ұлттық экономиканың дамуын қолдаушылар билік үшін бәсекелестікті тайталастық ойын ретінде қарастыруға бейім. АҚШ Қытайдың экономикалық дамуын тежеуге тырысуда, себебі Қытайдың технологияны және өнеркәсіпті жаңғыртуы АҚШ үстемдігі үшін үлкен мәселелер туындап отыр. Бұл - екі ел арасындағы әлі де жалғасы бар құрылымдық қайшылық, экономикада «Фукидид қақпанының» айғағы.

Нарықтық экономиканың дамуын қолдайтын ғалымдар Қытай мен АҚШ ортақ мүдделер арқылы жеңіске жете алады дейді. Сауда соғысының түпкі себебі екі елдің түрлі экономикалық жүйелеріндегі айырмашылықтарда жатыр. Қытай «экономикалық ажырауды» тоқтатуы тиіс. Оның орнына мұндай шектеуді болдырмайтын барлық шараларды қабылдауы дұрыс болар еді.

АҚШ-қа қатысты Қытай үкіметінің саясаты өте күрделі, тіпті, белгілі бір қосарластықты да танытады. Екі елдің билік үшін идеологиялық келіспеушіліктері мен бәсекелестігі, сондай-ақ Д.Трамп әкімшілігінің «төтенше қысым» саясаты Қытайды кейбір мәселелер бойынша ымыраға қол жеткізуді қиындатады. Қытай экономикасының тұрақты дамуы едәуір дәрежеде қолайлы халықаралық жағдайға, әсіресе тұрақты және оң Қытай–АҚШ қатынастарына тәуелді. Тек уақыт қана Қытай–АҚШ экономикалық қатынастары қай бағытта дамидынын көрсетеді.

Қоданылған әдебиеттер тізімі

1. 杨其静：特朗普当选，中国面临巨大挑战.- 文章来源：中国人民大学国家发展与战略研究院，7日12月2016年。URL: <http://www.cwzg.cn/> (жүгіну датасы: 13.12.2019)
2. 张宇燕：特朗普的成功及其限度。- 文章来源：凤凰国际智库，6日三月2017年 URL: https://pit.ifeng.com/a/20170306/50755565_0.shtml/ (жүгіну датасы: 22.12.2019)
3. National Security Strategy of the United States of America [Electronic resource]. – 18 December 2017, p. 45-46. Available at: <https://www.whitehouse.gov/wp-content/uploads/2017/12/NSS-Final-12-18-2017-0905.pdf/> (Accessed: 26.12.2019)
4. Findings of the investigation into China’s acts, policies, and practices related to technology transfer, intellectual property, and innovation under section 301 of the trade act of 1974 [Electronic resource]. – Office of the US Trade Representative Executive Office of the President, March 22, 2018. Available at: <https://ustr.gov/sites/default/files/Section%20301%20FINAL.PDF/> (Accessed: 29.12.2019)
5. 阎学通：中美“假朋友”关系会更“假”。- 文章来源：中美印象，12日四月2017年。 URL: <http://www.uscnpm.com/> (жүгіну датасы: 30.12.2019)
6. 蔡翠红：中美关系中的“修昔底德陷阱”话语。 - 文章来源：“国际问题研究”，2016年第3期。URL: <http://www.cas.fudan.edu.cn/picture/2590.pdf/> (жүгіну датасы: 03.01.2020)
14. 李俊久：美国特朗普政府对华贸易冲突的权力逻辑。- 文章来源：东北亚论坛，2019年二期，第65至82页。URL: <http://kns.cnki.net/> (жүгіну датасы: 05.01.2020)
7. 鞠建东：中美贸易争端一三四五。- 文章来源：财经智库CASS，15日四月2018年。URL: http://www.sohu.com/a/228350941_807373/ (жүгіну датасы: 10.01.2020)
8. 王孜弘：体制认定与经贸纠纷——美国对华贸易战的原因分析。- 文章来源：《美国研究》2018年第5期。URL: <http://www.aisixiang.com/data/113153.html/> (жүгіну датасы: 15.01.2020)

10. 田国强: 我对中美贸易摩擦和大国战略的看法——以更大定力、更大力度的市场化改革和开放来应对。 - 文章来源: 《中美印象》, 17日十月2018年。 URL: <http://www.uscnpm.com/> (жүгіну датасы: 15.01.2020)
11. 王勇: 国内结构变革与中美关系的未来走向。 - 文章来源: 《现代国际关系》, 2018年6期。 URL: <http://www.cnki.com.cn/Article/CJFDTotal-XDGG201806004.htm/> (жүгіну датасы: 16.01.2020)
12. 余永定: 对中美贸易战的几点看法。 - 文章来源: 《财经观察》, 17日八月2018年。 URL: http://finance.ifeng.com/a/20180817/16455503_0.shtml/ (жүгіну датасы: 18.01.2020)
13. Алексей Маслов. США-Китай: передышка перед новым противостоянием [Электрон. ресурс]. – SputnikNews, 22 января 2020 г. URL: <https://sptnkne.ws/BhfR/> (жүгіну датасы: 22.01.2020)
14. 李若谷: 中美关系已经发生根本变化。 - 文章来源: 《战略规划》, 21日六月2018年。 URL: <http://dy.163.com/v2/article/detail/DKRH9FAV0512PT6C.html/> (жүгіну датасы: 24.01.2020)
15. 王缉思: 如何判断美国对华政策的转变。 - 文章来源: 《环球网》, 13日六月19年。 URL: <https://baijiahao.baidu.com/> (жүгіну датасы: 24.01.2020)

ӘОЖ 32

ЖАПОНИЯ МЕН КОРЕЯРЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ҚАЗІРГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Нуритденов Ауэз Кабдуллаевич

luffy-san@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану кафедрасының 1 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ильясова К.М.

Жапония 1965 жылдың желтоқсанында Корея Республикасын Корея түбегіндегі жалғыз заңды үкімет деп танығаннан кейін, екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. Бұл қарым-қатынастардың нәтижесінде екі ел де Қытай, Ресей және Солтүстік Кореяның ықпалына қарсы тұру үшін АҚШ-тың Азиядағы ең күшті одақтастарына айналды. Алайда, олардың қарым-қатынасына Лианкур жартастары туралы дау (корейше – Токто, жапонша - Такэсима) және ХХ ғасырдағы Императорлық Жапонияның Корея түбегінің отаршылдық кезеңіндегі Корея халқына әкелген зардаптарының түрлі тарихи оқиғалары көптеген кедергілерге әкеліп соқты.

Би-би-си Дүниежүзілік қызметінің 2014 жылғы сауалнамасына сәйкес, жапондықтардың 13%-ы Корея Республикасының әсерін оң бағалады, бұл ретте 37%-ы теріс пікір айтты, ал Корея Республикасының 15%-ы жапон әсерін оң бағалап, ал 79%-ы теріс пікір білдірді. Бұл Оңтүстік Кореяның Қытайдан кейін Жапонияны әлемдегі екінші жағымсыз қабылдауы бар елге айналдырды [1].

Жапония Сыртқы Істер Министрлігінің Дипломатиялық Көк кітабынан 2018 жылы Корея Республикасы туралы «Жапонияның ең басты стратегиялық қызығушылығы бар көршілес мемлекет» деген сөз тіркесі алынып тасталынды [2]. Бұл әрекетке Оңтүстік Корея өзінің жағымсыз пікірін білдірді.

2019 жылдың 1 шілдесінде Жапония Оңтүстік Кореяға экспорттың кейбір түрлерін шектеу туралы жариялады. Бұл шешім Оңтүстік Кореяда жаппай ашу-ыза тудырады [3].